Целью данного исследования является выявление особой роли лизинга как эффективного средства увеличения активов предприятия. Лизинг является способом финансирования приобретения основных средств, которые обычно имеют высокую стоимость. Лизинг является важным приобретением различного оборудования, особенно высокотехнологичного оборудования, которое имеет жизненно важное значение для инноваций и роста. Именно поэтому сделаны анализы деятельности компании лизинговых услуг. А также показаны важность лизинга в ВВП. ВВП и объем инвестиции - это наиболее общие макроэкономические пропорции, характеризующиеся развитие национального рынка лизинга.

Ключевые слова: сельское хозяйства, лизинг, рынок, валовый внутренний продукт, макроэкономика.

Leasing is an important source of medium-term and long-term financing of enterprises in countries with economies in transition and developed countries. The special role it plays as an effective means of increasing the lessees of assets, both existing and newly created enterprises, which play a key role in providing employment, innovation and the development of competition in these countries.

In the structure of investments the share of leasing in the developed countries is about 20-30%, in the countries with economies in transition around 10-20%.

The structure of the market by leasing subjects continue to maintain the bulk of the sector, financed by the state leasing company. This primarily agricultural equipment and livestock, engineering and metallurgical equipment and medical equipment.

In Kazakhstan works 8 leasing companies, 3 of them - with state participation, "DBK-Leasing", "KazAgroFinance" and "KazMedTech". These three companies have become leaders in 2014. This companies work mainly in sectors where the activity of private leasing companies remains low [1].

The purpose of research determine the impact of leasing on the economy and on the agricultural development by analysing leasing market of country. Object of research leasing companies, GDP and investments of Republic of Kazakhstan. In article used ideas and concepts of Kazakhstan and foreign scientists, the results of fundamental and applied works in the field of economics, scientific literature, the regular editions of studies. During the research has been used a variety of methods, including graphical methods, comparative analyses and a number of other methods.

The volume of new business of leasing companies in the first half of 2015 increased by 35% over the same period last year and reached 43.7 billion tenge. This compares with growth in the 1st half of 2014. This dynamic growth of the amount of new credit transactions of the two leasing companies that provide business funding for government programs to support the economy. Other companies that participated in our study showed a negative trend compared to the first six months of 2014.

The aggregate leasing portfolio for six months increased by 3% (1 January 2015) and amounted to 213.6 billion tenge. In the first half of 2014 the growth was 10%. For six months in 2015 almost all leasing companies have shown a saving portfolio at approximately the same level, or its abbreviation.

The structure of the new business segment appeared railway equipment again, which appears and disappears from the transaction structure due to the permanent large-scale transactions. The structure of new business in 2015 the first half of the year the share of railway equipment won once in 18% (0% in the first half of 2014), resulting in a decline in the proportion of all other sectors.

Monitoring studies of Kazakhstan's leasing market in the first half of this year, conducted by the Rating Agency RAEX ("Expert RA Kazakhstan"), shows that a stable business growth dynamics show only a few market participants, the others show a decline in indices or neutral (figure 1).




Figure 1 -Leasing market of RK

Aggregate market indicators show an extremely positive picture. The volume of new business of leasing companies in the first half of 2015 increased by 35% over the same period last year and reached 43.7 billion tenge. This compares with growth in the 1st half of 2014. However, the leasing market is highly concentrated: 10 leasing companies provide more than 80% of the volume of transactions. And change the big players indicators have a strong influence on the overall indicator. This dynamic growth of the amount of new credit transactions of the two leasing companies that provide business funding for government programs to support the economy. Other companies that participated in our study showed a negative trend compared to the first six months of 2014 [2].

Activities of the largest Kazakh companies on the leasing services market "KazAgroFinance" is characterized by a large number of transactions because of the nature of agricultural segment in which the company specializes.

Table 1 - Main parameters of leasing market of Kazakhstan

Indicators	2011	1 half 20 12	2012	1 half 2013	2013	1 half 2014	2014	1 half 2015
The volume of new business, billion tenge	46,5	24,5	65,1	24,4	72,2	32,3	85,3	43,7
The growth rate similar to the previous year,%	-	-	40,0	-0,6	11,0	32,6	18,2	35,4
The total portfolio of leasing companies, billion tenge	113,6	121,8	143,6	147,3	170,1	186,4	206,7	213,6
The number of concluded deals, pieces	1509	1311	2229	1342	2598	1728	3373	2163
Average transaction amount, million tenge	31	19	29	18	28	19	25	20

Source: RAEX «Expert RA Kazakhstan»

As a result of multidirectional dynamics of indicators of public and private leasing companies, the first position is even more intensified in the market. The share of leasing companies owned by the state, according to the results of the 1st half of 2015 amounted to 98% in the volume of new business and 94% in the leasing portfolio.

Table 2 - The main parameters of Kazakhstan's leasing market

	2011	1half 2012	2012	1 half 2013	2013	1 half 2014	2014	1 half 2015
The volume of new business for the period, billion tenge	46,5	24,5	65,1	24,4	72,2	32,3	85,3	43,7
Growth rate to the previous similar period, %	-	-	40,0	-0,6	11,0	32,6	18,2	35,4
The aggregate portfolio of leasing companies at the end of period, billion tenge	113,6	121,8	143,6	147,3	170,1	186,4	206,7	213,6
The number concluded deals, units	1509	1311	2229	1342	2598	1728	3373	2163
Average transaction amount, million tenge	31	19	29	18	28	19	25	20

Source: «Expert RA Kazakhstan»

Purchase of agricultural machinery often requires a large initial investment. Demand for leasing services of agricultural machinery due to the extreme deterioration of the park of agricultural machinery, machinery, equipment in rural areas; the high cost of purchasing new similar equipment, allowing to work on advanced technologies; seasonality of cash flows in agricultural enterprises.

JSC "Leasing Company" Astana-Finance "has experience in long-term cooperation with leading manufacturers and suppliers of various import and Russian equipment, which will allow you to purchase agricultural equipment for leasing on favorable terms [4].

The company supplies equipment the guiding global manufacturing companies: John Deere (USA), the Claas (Germany), Case New Holland (Belgium) Lemken (Germany), BRANDT (Canada), the Bourgault (Canada), PO MTZ "Minsk Tractor Works" OJSC "Rostselmash", JSC "Kharkiv Tractor plant" (Ukraine), Donmar (Kazakhstan) and others.

The importance of leasing in GDP - is the first and most common macroeconomic proportions, characterized by the development of the national leasing market. In some developed countries leasing size corresponded by two or three per cent or more.

Table 3 - Leasing in GDP of Republic of Kazakhstan in 2010-2014

Years	GDP at current prices, mln tenge	The cost of new contracts, billion tenge	The share of leasing weight%
2010	163 832,8	39,2	23,9
2011	207914,9	46,2	22,3
2012	259 203,6	65,1	25,1
2013	296 993,7	72,2	24,3
2014	322 824,0	85,3	26,4

Due to the very rapid growth of leasing, the rate of GDP leasing size (table 3) reached 26.4% in 2014 level.

The prospects of the leasing market inextricably linked to the investment climate in the country and the desire of companies to invest in the development of its fixed assets. In this regard, since 2010 it shows a positive trend [1].

Table 4 - Leasing in investments of Republic of Kazakhstan in 2010-2014

Years	Investments in fixed assets, mln tenge	The cost of new contracts, billion tenge	The share of leasing weight%
2010	4 653 528	39,2	0,84
2011	5 010 231	46,2	0,92
2012	5 473 161	65,1	1,1
2013	6 072 687	72,2	1,2
2014	6 591 482	85,3	1,3

In general, leasing companies dynamics of investments in fixed capital sum at a positive level. Small and medium-sized enterprises, the main customers of leasing companies show the greatest interest in the renewal of funds, with an active area of investment - machinery and equipment - includes a core group of subjects of leasing in Kazakhstan.

At the same time there is a steady downward trend in interest rates. On the one hand, it gives the possibility of leasing companies to finance, on the other - creates some competition. However, as the portfolio of banks any improvement is not observed, it is likely to encourage them to seek the best quality borrowers, leaving a significant portion of business for the board. Loans to small businesses showed more modest growth than the overall market last year - 7.4%.

The structure of the leasing market in terms of the values of the state leasing companies have funded the bulk of the sectors. In the first place, agricultural machinery and livestock, machinery and metallurgy equipment, as well as medical equipment. For example, the share of machinery and equipment in 2015 by 3 percentage points (pt), an increase of 83% of the total volume of transactions. Independent leasing companies often compete with the automobile and construction machinery sectors, the share of these sectors, compared with the state-funded companies, even if they are the main sectors of the market; In 2015, the car was 15% more than last year to 3 percent (Figure 2).




Figure 2 - The cost considered in terms of the value of financial leasing contracts leasing

Agriculture, forestry and fisheries sectors more attractive, their share amounted to 58% of the total value of financial leasing contracts; processing industry - 11%, 10% for transport and storage, information and communication - 7%, health care and social services - 3% (Figure 2).

State leasing companies, which are often involved in the implementation of mainly government business support programs are among the market leaders and show a good momentum of growth, in addition, private leasing companies are also showing interest in participating in state programs. As a result, the state of business support policy has a significant indirect impact on the dynamics of the leasing market and its structure, as can be seen from the above data.

Agriculture because of their low attractiveness to private financial institutions is particularly dependent on government support. A leasing operations in this area manifest themselves as an effective instrument of modernization. Given the level of accumulated problems in the industry, it is quite natural that this segment has become dominant in the leasing market and that here comes the greatest volumes of the state support for the instrument of financial leasing.

According to the adopted in this year's Program of agricultural development for 2013-2020 (Agribusiness-2020), from 2013 onwards the new direction of state agricultural enterprises becomes a financial recovery, which will be carried out, including by subsidizing part of the interest rate on contracts for leasing of agricultural machinery and construction equipment [5].

According to the program, the existing level of technical equipment of agriculture hinders the effectiveness of its development. In order to have the necessary machinery, equipment, and access to low-cost and long-term credit resources, agro-industrial organizations must apply the simplified technology for the production and processing of agricultural products. The problem is that the high cost of agricultural machinery, spare parts, equipment, short-term bank loans does not allow to update the basic means the vast majority of farmers. About 70% of all agricultural equipment purchased for leasing in Kazakhstan, passes through "KazAgroFinance".

In our opinion, at this stage, this trend will contribute to the growth of the leasing market and its development. In particular, entrepreneurs thanks to the work of state programs receive more information about this tool as leasing. There is a growing level of penetration of the tool. State leasing companies often go to the sectors that are of little interest to other participants of the market. In addition, leasing companies, both public and private, have the opportunity to expand your portfolio and find new customers by increasing the competitiveness of its offer (as a result of, for example, subsidizing interest rates) - it improves the financial stability of leasing companies and promotes the formation of the leasing market in Kazakhstan. These processes are particularly important in times of economic crisis.

Results of the leasing market analysis in the country show us the growth of leasing. On the basis of the state programs leasing companies grow in the private sector. It has had a positive impact on the economy and strengthening of the material-technical base of the agricultural sector during the economic crisis.

References:

1. www.millioner.kz.
2. RAEX «Expert RA Kazakhstan».
3. Advantages of leasing for participants. // Finance and Loans.-2009. - №7. - P.27-30
4. Program of agricultural development for 2013-2020 (Agribusiness-2020).
5. Smagulov A.S. Leasing in Kazakhstan: experience, problems, prospects. Collection of articles and reports. - Astana, 2008. - P.438.
6. Statement of JSC «Fund of financial support for agriculture».
7. Michael Fleming. The Leasing Industry's Impact on the Economy.// ELT. - 2004.

КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІГІНДЕ ЖАНАРМАЙДЫ ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Ө.ТӘЖІБАЙҰЛЫ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ө.Ә.ТӘЖІБАЕВ, магистр,
Ы.Жақаев атындағы Күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Күріш егетін кейбір шаруашылықтарының машина-трактор паркіндегі жүргізілген байқауда тракторға жұмсалатын шығынның 55-65 проценті мұнай өнімдеріне жататыны жатады. Бұл техниканы тиімді пайдаланбаудан, ұйымдастыру мен техникалық жұмыстарды дұрыс жолға қоймаудан, агрегаттарға жанармай құюда, оны тасу, сақтауда елеулі олқылықтардың орын алғандығынан болады. Шаруашылықтардағы істелінген жұмыстың көлеміне, немесе алынатын өнімнің шамасына қарай жанармайды барынша аз жұмсау - мұнай өнімдерін тиімді пайдаланудың негізгі жолдарының бірі.

Мақалада жанармайды үнемдеуде ауылшаруашылық машиналарын іріктеп тіркеу, реттеу, трактор ақауларын жою және жер өңдеу жүйесіндегі техникалық әдістерді жаңа инновациялық тұрғыда пайдалану арқылы жүзеге асыру жолдары қарастырылған.

Машина-трактор агрегатының қолайлы құрамын таңдау және трактор моторының ақауларын болдырмау арқылы жанармайды үнемдеуге болатындығы айтылған. Күріштік жерді өңдеуде жана әдістерді, бір жүріп өткенде бірнеше жұмыстарды атқаратын техникаларды пайдалану арқылы жанармайды 2-3 есеге дейін азайтуға болады.

Кілт сөздер: жанармайды үнемдеу, трактор ақаулары, ауылшаруашылық машиналары, агрегат, техника.

Аннотация

Изучение машинно-тракторных парков нескольких хозяйств, занимающихся посевом риса, показало, что 55-65% расхода составляют нефтяные изделия. Это связано с неэффективным использованием техники, неправильным подходом к организационным и техническим работам, ошибками при хранении, транспортировке и заливке в агрегаты топлива. Вариант эффективного использования нефтепродуктов это – экономное потребление топлива в зависимости от объема выполняемых работ или получаемого урожая.

В статье рассмотрены возможности экономии топлива при использовании новых инновационных методов учета сельхозтехники, устранение неполадок тракторов, а также пути обработки почвы.

Описываются возможности экономии топлива правильным выбором машинно-тракторных агрегатов и предотвращением неисправностей двигателей тракторов. Использование новых методов: техники, которые за один проход выполняют несколько работ, экономя топлива в 2-3 раза.

Ключевые слова: экономия топлива, неисправности тракторов, сельскохозяйственные машины, агрегат, техника.

Annotation

The study of machine and tractor fleet of several farms engaged in planting rice, showed that 55-65% energy consumption should be the oil products. This is due to the inefficient use of equipment, the wrong approach to organizational and technical work, errors in the storage, transportation and pouring into fuel assemblies. Optional efficient use of oil is reduced by fuel consumption, depending on the volume of work performed or obtained harvest.

The article discusses the possibility of fuel economy by using new and innovative methods to integrate agricultural machinery, tractors, troubleshooting, as well as tillage.

It describes possible fuel economy of tractor units and preventing malfunctions of engines of tractors. Using new techniques: techniques that one pass is performed several works by saving fuel by 2-3 times.

Key words: fuel economy, failure of tractors, agricultural machinery. tractors, equipment.

Ауыл шаруашылығын интенсивті дамыту қазіргі кездегі бағыттардың бірі — барлық жерде материалдарды, соның ішінде мұнай өнімдерін барынша үнемді де тиімді пайдалану болып отыр. Ол технологиялық ұйымдастырушылық пен ұқыптылықты қажет етеді. Бұл сондай-ақ, білікті кадрлар дайындауды, оның кәсіптік шеберлігін көтеріп отыруды, қатаң есепті алға қойған жұмыстарды атқару үшін жанар-майды тиімді пайдалануды қажет ететін комплексті іс.

Күріш егетін кейбір шаруашылықтарының машина-трактор паркіндегі жүргізілген байқауда тракторға жұмсалатын шығынның 55-65 пайызы мұнай өнімдеріне жұмсалады. Бұның техниканы тиімді пайдаланбаудан, ұйымдастыру мен техникалық жұмыстарды дұрыс жолға қоймаудан, агрегаттарға жанармай құюда, оны тасу, сақтауда елеулі олқылықтардың орын алғандығынан болады.

Шаруашылықтардағы істелінген жұмыстың көлеміне, немесе алынатын өнімнің шамасына қарай жанармайды барынша аз жұмсау - мұнай өнімдерін тиімді пайдаланудың негізгі жолдарының бірі.

Ел экономикасында және егіншілік саласында қазіргі көңіл аударатын нәрсе - қымбат тұратын сұйық жанармайды ауылшаруашылық техникаларына пайдаланғанда механизаторлардың өз ісіне деген ұқыптылығы болып отыр.

Агрегатты күшіне сай дұрыс тіркеу жұмыс өнімділігін арттыруға өз әсерін тигізіп, жұмыстың сапасы жақсарады және жанармайдың аз жұмсалыуына жағдай жасайды. Ауыл шаруашылық машиналарын тіркеген кезде трактордың тарту барысындағы пайдалы әсер коэффициенті жоғарылайтындай, әртүрлі берілістегі тарту мүмкіндігіндегі жылдамдығына сай болатындай етіп, өңдеу жұмыстарының түріне қарай машинаның, жердің қарсылық күшін есепке ала отырып тіркеу керек [1].

Машина-трактор агрегаттарын дұрыс жасақтауда трактордың техникалық мінездемесіндегі тарту қабілетін, жерді өңдегенде оған түсетін кедергінің шамасын біліп, соған сай тіркелуі тиіс. Машиналарды қосқанда трактордың тарту пайдалы әсер коэффициентін тиімді пайдалану үшін, орташа тарту қабілетін пайдаланған дұрыс. Жерді өңдегенде болатын қарсылық кедергі күші, ауыл шаруашылық машинасымен жұмыс істегенде жұмыстың түріне қарай өзіндік тарту қарсылығының орташа өзгеруі № 1 кестеде көрсетілген.

Кесте1-Ауылшаруашылық машинасының өзіндік тарту қарсылығы

Істелінетін жұмыстың түрі	Машина түрі	Тарту қарсылығы, кг/м
Жер жырту:		
- 20-22 см тереңдікте	Соқа	1340
- 25-27 см тереңдікте	Соқа	1800
- 27-30 см тереңдікте	Соқа	2090
Дискілеу	Дискалы тырма	500
Жер тырмалау	Тісті тырма	100
Культивациялау:		
- 6-8 см тереңдікте	Культиватор	220
- 8-10 см тереңдікте	Культиватор	260

Тұқым себу	Сеялка	180
Каток жүргізу	Тісті каток	90

Істелінетін жұмыстардың түріне қарай үдемелі тарту күшінің пайдалану коэффициентінің нормалы көрсеткішінің өзгеру деңгейі төмендегідей:

- соқамен жеңіл немесе орташа жерді жыртқанда 0,92-0,95;
- ауыр жерді жыртқанда 0,88-0,90;
- дискілегенде 0,94-0,96;
- культивациялағанда 0,90-0,92;
- тұқым сепкенде 0,94-0,95;
- тырмалағанда 0,93-0,96 болады.

Күріш шаруашылықтарындағы машина-трактор агрегатын жасақтау жұмыстарының бір ерекшелігі атыз ішінде қозғалуы, бұрылуы ыңғайлы болуында. Егіншілікте, аңыздарда жерді агрегатпен өңдеу жұмыстары, көпшілік жағдайда атыздардың шектелуіне байланысты қалыптасқан әдістерді қолдана бермейді. Мысалы, күріш егісінде қазіргі кездегі шығарып жатқан техникаларға тіркеулерді көбейтіп алым енін арттыру іс жүзінде мүмкін емес. Атыз шағын болғандықтан, күрішке қолданып жүрген агрегаттар бір машиналы, алым ені қысқа, трактордың күшін толық пайдалануға мүмкіндік жасамайды. Күріштік жерді өңдеуге қолданылатын агрегаттардың құрамы мен жұмыс істеу режимін сақтай отырып, көрсетілген деңгейде, әсіресе ЗБЗС-1; ЗККШ-6, ТРМТ-4; РТТ-4,2; РТО-4; ОВТ-ІВ; СРН-3,6 машиналарының тарту күшін пайдаланудағы коэффициенті өте төмен болғандығын ескеру керек. Содықтан да күріштік жерде машина-трактор агрегатын біріктіріп, бұрылғанда, айналғанда оңай тез, көлденеңінен, ұзынынан оңай жиналатын жағдайлар туғызып тіркеу тиімді. Мысалға «Белорусь» тракторына ЗБЗС-1; ЗКП-6А СРН-3,6 және ЗКВГ -1,4 машиналарын жиналмалы етіп тіркеп, жұмыс атқаруға болады. Бұндайда "Белорусьтың" алдына гидроцилиндрдің көмегімен трактордың үстіне шыға жиналатын ЗБЗС-1 тісті тырмасын, ал трактордың артына ЗКВГ-1,4 тегіс катогының үстіне ығыса орналасқан СРН-3,6 сеялкасын оның үстіне ЗКК-6А тісті катогы қабаттаса жиналатындай етіп орналастыруға болатындығы ғылыми дәлелденген.

Осы сияқты күрішті себер алдында өңдеу үшін РТТ-4,2; БДН-3,6 және ЗКК-6А машиналарын атыз ішінде айналғанда, бұрылғанда оңай қабаттаса жиналып, жұмысты тиімді атқаратындай етіп бір тракторға жинақтауға болатындығын айтуда. Машинаны осылай тіркеу жанармайды пайдалануды 3 еседей аз жұмсауға жағдай жасайды.

Ауыл шаруашылық машиналарын уақытында жөндеп отыру, дұрыс ретке келтіру жұмыс тиімділігін жоғары, сапалы орындауға жол ашып, жанармайды аз жұмсауға өз әсерін тигізеді. Негізінен ретке келтіру жұмыстары, техниканы дұрыс агротехникалық талаптар бойынша атқарылуы үшін екі сатыға бөліп жүргізеді. Біріншісінде арнаулы дайындалған алаңда ретке келтіріледі. Екіншісінде егістік жердің түріне қарай, сол егістік басында атқарылады.

Күріштік жерді өңдеуде көбірек қолданылатын соқаны ретке келтіру үшін тракторге тіркеп алып, арнаулы алаңға орналастырады. Бұл жұмыстар тіркемелі соқада полевоі дөңгелегінің астынан ПН-3-35, ПЛН-6-35 соқасында тірегіш дөңгелегінің астына, ПН-8-35 соқасында алдыңғы, артқы дөңгелектерінің астына қалыңдығы 2-4 см болатын астына қоюға дайындалған заттар (подкладка) арқылы қажетті тереңдікте жыртуға реттелінеді. Винтельді механизмнің ұзындығын өзгерте отырып және трактор ілетін механизміндегі орталық тягты соқа рамасымен бір жазықтықта жататындай болуын сақтай, сонымен қатар лемехтардың пышақтарын бір-бірімен паралельді орналасуын қалыптастыра, ұштарын тартылған бір жіптің бойында жататындай етіп жүргізіледі. Егер ол 5 мм-ден аса өзгеріп кетсе бірден соқа рамасының деформациясының көбейетіндігі байқалады. Корпус тіректерінің ауыстырылуын тексеріп пышақ алаңындағы үстіңгі жағы трапециялы лемихқа

тірелетіндей етіп, ал ұшымен өкшесінің бір-бірімен тең орналасуын қамтамасыз ету керек. Лемехтың өкшесі 1 см көп жоғары көтеріліп орналасуын қадағалау қажет.

Түреңнің жүзін өзгертуге байланысты оның қалыңдығына қарай кедергі 50-60, ал түрен өтпей қалғанда 30-40 пайызға дейін ұлғаяды, қарық асты тегіс кесілмейді. Осыған байланысты тракторға салмақ көп түсіп, жанармай көп пайдаланылады. Алмастың қалыңдығы 1-1,5 мм-ден аспаса, ал бұрышының ұшталуы 25-30 градусқа тең болса және жыртылған жер қыртысын аударып отыратын қанатқа бағыттаса, түрен қарық астымен жылжып жер қыртысын ойдағыдай тіліп отырады.

Соңғы, екінші егіс басында реттеу жұмыстары, өнімділігі жоғары болатындай етіп, егістік басындағы жағдайдың талаптарына қарай жүргізіледі. Бұл жұмыстарды жүргізгенде - жырту тереңдігін реттегенде тірек дөңгелегінің механизмі арқылы арнаулы реттелетін тетіктері арқылы жүзеге асырылады. Ал, алым енін ретке келтіргенде соқа тіректерінің орналасу аралығы мен аңыздық тақтасының қажетті қашықтыққа сай, қиыстырмасындағы алым енінен 10 пайыздан ұлғайтпай орналастыра жүргізіледі. Осы талаптарды сақтамаған жағдайда соқа тіркелген трактордың жұмысы ауырлайды.

Дискілі аспалы тырмаларын шабуыл бұрышын реттеуші механизм тартқыштарын өзгерту арқылы реттейді. Алдыңғы және артқы батареялардың шабуыл бұрышы 0° - 15° дейін әрбір 0; 3; 6; 9; 12; 15 градустан реттеледі. Қажетті шабуыл бұрышын қою үшін батареяны алға немесе артқа жылжыту керек. Жылжыма тесігі рама тесігімен дәл келгенде өткізілетін сыналармен бекітіледі.

Тұқым себетін сеялкаларды тұқымды қажетті тереңдікке тастауын қамтамасыз етуді реттеу жұмыстарын жүргізгенде, реттеу алаңына орналастырып, барлық бекітілген жерлерін қарап, қозғалыс беретін механизмдерін бақылап, тірек дөңгелегінің балондарының ауа қысымын тексеріп, оны $1,7-2,5$ кгс/см² шамасын келтіріп алу керек. Сеялканың тірек дөңгелегінің астына қалыңдығы 1,2-2 см-лік арнаулы заттарды орналастырып тұқымды тереңдікке тастауын бақылайды.

Сеялка рамасының бір жазықтықта жатуын қамтамасыз етіп қос табақшалы немесе табанды шүмектерінің жұмыс істеу қабілетін тексеріп, тіреудегі ойыс тетікер арқылы көлденең жазықтықтың бетіне түсірілуі тиіс. Алмалы-салмалы табақшалы шүмектердің белдемшесі, алдыңғы және артқы шүмектердің сол жақ табақшаларына серіппелі шайбасы бар болтқа бекітіледі. Соңғы рет, күріш тұқымын терең себуді аңыз басында қысатын серіппенің қысымын өзгерту арқылы ретке келтіреді.

Трактор мен ауылшаруашылық машиналарының техникалық жағдайы, оның дайындығы заводта негізге алынған көрсеткіштерге байланысты. Осы көрсеткіштер болашақ іс барысында қатаң сақталып отыруға тиіс.

Мысалы, фарсунканың отынды бүрку қысымын 130-дан 110 кгс/см²-қа төмендету жанармайдың коэффициентін 6 пайызға дейін арттыратыны белгілі. Д-37 М моторында отынды бергенде бастапқы бүрку (опрежения) бұрышының белгіленгеннен 2° -қа ауытқуының өзі жанармай шығынын 182-ден 190 г/э л с-қа дейін жоғарылатып жібереді.

Трактор күшінің төмендеуі де белгілі көлемге шаққанда жанармайды артық жұмсайтынын көрсетеді. Мотор күшінің төмендеуі тарту күшін төмендетіп, соның әсерінен жүру жылдамдығы тежеліп, жұмыс істеу өнімділігінің азаюына соқтырады [2].

Мысалға, ДТ-75 тракторының моторының күші 75-тен 72 - ат күшіне төмендеуі тарту күшін 6 пайызға азайтады. 75 ат күші бар трактор 5 түреңді соқамен жер жыртықанда сағатына 1,2 гектар жер жыртып бұған 13 килограмм май жұмсайды. Ал мотор күшінің 3 ат күшіне азайғанда 1 гектар ғана жер жыртуға, 13,5 килограмм майды шығындауға соқтырады. Яғни, осының өзі жанармай шығынын 1,5 процентке ұлғайтып жібереді .

Қазір шаруашылықтарда жүргізілген байқаулар бойынша мындай жағдайлар анықталуда: отын аппаратурасының дұрыс жұмыс істемеуінен және тағы басқа техникалық кемістіктерден ДТ-75 тракторларының бестен бір бөлігі және «МТЗ» тракторларының бестен үш бөлігі тиісті қуатын 30-35 пайызға дейін кемітіп алып жүр.

Осыған байланысты техниканы пайдаланғанда оның қажетті нұсқауға сай реттелуі жанармай үнемдеуге жол беретін тәсілдердің бірі.

Клапндар саңылауын реттеу. Мотордың газ бөлетін механизміндегі клапандар саңылауларының дұрыс реттелуі де тракторкүшіне және үнемділік көрсеткішіне көп әсері болады.

Отын аппаратурасы жайлы. Бұндағы трактор моторының күшінің параметрлері мен жанармайды пайдалану көрсеткішінің өзгеруіне әсер ететін негізгі байланыстылары:

- мотор цилиндріне отын берудің бұрын орындалу бұрышы
- отын насосының элементтері арқылы бірқалыпты деңгейде берілмеуі;
- бұрқу қысымы мен отынның булану сапасы;
- отын насосындағы жұдырықты осьтің айналу жылдамдығы.

Трактор моторының күшінің деңгейін дұрыс анықтау үшін, оны арнаулы тежегіш қондырғысы арқылы жанармайдың қанша жұмсалуды тексереді. Сондықтан барлық жаңа немесе қайта жөнделген трактор моторларын осындай тежеуіш қондырғысы арқылы байқаудан өткізеді. Бұндай жағдайда, мотор күшінің қалыптылығы немесе мотордың нашар жұмыс істейтін жанармай жұмсау көрсеткіштері анықталады.

Екіншілік жүйесінде күріштік жерді өңдеу, егу және жинаудың техникалық әдістерін ескере отырып, агротехникалық шараларға сай ең басты көңіл аударатын нәрсе — техникалық тәртіптілікті сақтау. Ал одан ауытқу энергияның ысырап болуы деген сөз. Мысалы күрішті жинағаннан кейін жауын-шашынның және де басқа да жағдайлардың әсерінен болатын жердің ылғалдылығын өте-мөте арттырмай, уақытында сүдегер жырту арқылы топырақтың құрамын жақсарту ең басты мәселелердің бірі. 3-4 ай суда тұратын жердің ауыр, тығыз болатыны белгілі. Бұл бірақ күріш егістігіндегі келесі технологиялық операциялардағы өңдеу жұмыстарын жеңілдетіп, аз күш бөлуге жағдай жасаса, екінші жағынан топырақ операциясын жақсартып қыстай оның жақсы тынығуына мүмкіндік береді.

Машина-трактор паркінде қайталама бос жүрісті болдырмау ең алдымен әртүрлі операцияларға кететін уақытты қысқартуға да байланысты. Мысалы, қазіргі кездегі сүдегер жыртқанда көбірек қолданылып жүрген қуатты К-701, К-700 тракторларымен күріш тақтасын ұзынынан түсіп ортадағы атыздардан тіке тарту, шағын атыз ішінде бөлектеп жыртуға қарағанда бір жағынан майды үнемдеуге әсерін тигізсе, екінші жағынан еңбек өнімділігін арттырады. Бұл К-701 тракторларында атыз ұзындығының шектелуіне байланысты бұрылыс жасайтын бос жүрістерді азайтуға мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу институттары күрделі өңдеу мен тұқым себу жұмыстарын қоса жүргізетін күрішке арналған машиналар ауыспалы егіс технологиясын сапалы жүргізуге еңбек шығынын азайтуға, жанар-жағар майды 2-3 есе кемітуге мүмкіндік береді. Оған «КФГ-3,6» және «КФС-3,6» фрезерлі агрегаттарын қосуға болады. Фрезерлі «КФС-3,6» культиватор-сеялка, дискілі тырма «БДТ-7,0» тісті тырма, «ЗБЗТУ 1,0» сеялка «СРН-3,6» және — ЗКВГ-1,4 бар агрегаттардың жұмысын бір жүріп өткенде атқарып шығарумен қатар жанармайды үнемдейді.

Күріштік аңызды өңдеудегі жанармайды үнемдеу әдістері мен түрлері ғылым жүзінде дәлелденіп, практикада қолданылуда. Күріш егістігін су ішінде өңдеп тегістеу, оны құрғақта жүргізуге қарағанда көптеген технологиялық артықшылықтары бар. Сонымен қатар гербицид қолданудың қажеті болмайды, жанармай үнемдеуге де жол ашылады.

Ол жерді қайта-қайта тегістеу, айдау, малалау, тырмалау, себу және таптау сияқты жұмыстарды қысқартып «МТЗ-82 Р» тракторы арқылы «КФ-3» фрезасымен жерді өңдеп «МПР-4,2» тегістегішімен тегістеп, содан соң «НРУ-0,5» маркасының негізінде жасалған сеялкамен тұқым себуге мүмкіндік береді. Осы кездердегі қолданылып жүрген күріштік жерді құрғақта өңдеп, сеуіп барып суға бастыратын технологиясы мен ұсынылып отырған суда өңдеп себетін технологияның салыстырмалы жағдайдағы жүргізілетін

операциялардың санын екі есе азайтып, жанармайды пайдалануды 2,5—3 есе кемітетіндігін көрсетеді.

Қазіргі кезде жерді қопсытып өңдейтін КЧН-4 культиваторын көптеп қолдану анағұрлым пайдалы да тиімді екені айтылып келеді. Қопсытқыш сағатына 8 км. жылдамдықпен жұмыс істей отырып, өнімділіктің 2,5 есе жоғарылатады. Жерді қопсытуға, сол арқылы шығып келе жатқан арамшөптерді культивациялау арқылы құртуға, сүдегер жыртылған жерді аудармай өңдеу жұмысына арналған КЧН-4 агрегатын пайдалану экономикалық жағынан тиімді. Өйткені, оларды пайдаланғанда жердің тегістігі бұзылмайды, жердің қарсылық күшіне жұмсалатын күш шығыны аз болады, соның нәтижесінде жанармайды үнемдеуге жол ашылады.

Қорыта айтқанда, машина-трактор агрегатының қолайлы құрамын таңдау, жұмыс режимін белгілеу, жұмысты тиімді ұйымдастыру жағармайды үнемдеуге мүмкіндік береді. Күріштік жерді өңдеуде жана әдістерді, бір жүріп өткенде бірнеше жұмыстарды атқаратын техникаларды пайдалану арқылы жанармайды 2-3 есеге дейін азайтуға болады.

Әдебиеттер:

1. Тәжібайұлы, Ә. Күріш ауыспалы егістігін механикаландыру: Монография / Ә. Тәжібайұлы.- Кызылорда: Тұмар, 2009.- 232 б.- Библиогр.: 226-228 б.- 500 дана.-ISBN 978-601-229-024-0.

2. Тәжібайұлы Ә. Ауылшаруашылығында энергия қуатын үнемді пайдалану жолдары.//«Білім және ғылым үшін мыңжылдық» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция.–Талдықорған: Темірқазық, 2000. -69-71 б.

ӨОЖ 330.524:001.895(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

А.Б.АЙДАРОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Б.АБДУЛЛА, магистрант,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

ҚР-да индустриалды-инновациялық стратегия негізінде, өңірлердің ішінде бәсекелестік қабілеті жоғары және экспортқа бейімделген секторларды анықтау арқылы жалпы өңірлердің дамуына институционалды қолдау көрсету мемлекеттің негізгі мақсаты болып отыр.Мақалада Қазақстанның инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту бағдарламасының нәтижелері көрсетілген. Аймақтардың инновациялық әлеуетін талдау үшін Қазақстанда шаруашылық жүргізудің объективті шарттарымен, ресурстық-өндірістік әлеуетімен, мамандануымен және шешілетін мәселелер сипатымен ерекшеленетін аймақтар алынған.

Технологиялық инновациялар бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың инновациялық белсенділік деңгейі көрсетілген. Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы мен инновациялық әлеуетінің қазіргі жағдайына жүргізілген зерттеулерге қорытынды жасалған. Жүргізілген SWOT талдау нәтижесінде ұлттық инновациялық жүйені дамытудың факторлары анықталған.

Кілт сөздер: аймақтың инновациялық әлеуеті, инновациялар, аймақ, талдау, әлеует

Аннотация

В статье рассмотрены экспортируемые и конкурентоспособные сектора экономики. Показаны формирование инновационной системы Казахстана, а также результаты программы развития регионов. Для проведения анализа выбраны регионы, которые имеют ресурсный, производственный потенциал.

Проанализирован уровень инновационной активности предприятия и организации. Сделаны выводы по результатам исследования инновационной инфраструктуры и инновационного потенциала. По результатам анализа определены факторы развития национальной инновационной системы.

Ключевые слова: инновационный потенциал региона, инновации, регион, анализ, потенциал.

Annotation

The article describes the export oriented and competitive sectors of economy. It shows formation of innovative system of Kazakhstan and also there are results of program of regions development. Regions with their resources and potential were chosen to analyze.

The level of innovative activity of enterprises and organizations were analysed. Also there is a result of research of innovative infrastructure and potential.

There is a determination of factors of development of national system.

Key words: innovative potential of region, innovations, region, analyze, potential.

Мемлекетіміздің даму стратегиясындағы инновациялық бағыт – бұл ұрпақ үлесін ғасырлар қойнауына апаратын сара жол. Инновация дегеніміз – жаңалықтарды іске асыра отырып, жасалынып жатқан үдерістер мен өнімдердің сапасын арттырып, олардың нарық үшін бәсекеге қабілетті ету болып табылады. Осы жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының жаңаруы жағдайындағы мемлекеттік құрылымның барлық саласында инновациялық зерттеулер жүргізу бүгінгі қоғамның сұранысы.


Қазіргі таңда Қазақстан дүниежүзіндегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі болып табылады. Бұл ретте Қазақстан өзінің тәуелсіздігін одан әрі нығайту мақсатында мемлекеттік құрылымның әр түрлі саласында өркениетті елдердің үлгілеріне сай келетін түбірлі инновациялық жаңаруларды жүзеге асыру кезеңін басынан кешіріп отыр [1]. Біздің алдағы мақсатымыз – елімізде болып жатқан демократиялық сипаттағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы инновациялық өзгерістердің мәнін жете түсіну үшін ғылыми-әдіснамалық және қолданбалық зерттеулер жүргізу, оларды жүзеге асыру шарттарын анықтау мен оған ғылыми болжам жасау болып табылады.

2006-2015 жылдарға арналған Қазақстанның инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту бағдарламасының нәтижелері [2] 1 – суретте көрсетілген.

Аймақтардың инновациялық әлеуетін талдау үшін Қазақстанда шаруашылық жүргізудің объективті шарттарымен, ресурстық-өндірістік әлеуетімен, мамандануымен және шешілетін мәселелер сипатымен ерекшеленетін аймақтарды төрт топқа бөлінуі негізінде, ҚР Экономика институты ұсынылған үлгіні алуға болады[3].

I топ – жоғарғы технологияны талап ететін, өндіріс үшін қолайлы экономикалық шарттары және жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті бар облыстар. Бұл аймақтар технико-технологиялық озып кетуінде басты сүйеніш болатын, яғни қоғамдық-экономикалық даму үшін жоғары бастапқы деңгейі бар Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары жатады.

II топ – стратегиялық сипаттағы табиғи минералды ресурс қорлары бар және ғылыми-өндірістік әлеуеттің дамуында жоғарғы деңгейдегі облыстар. Бұл аймақтар тобында экономикасының салалық құрылымы рационалды емес, минералды шикізаттың қазу және өңдеу бойынша салалар абсолютті үстем, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстары жатады.



Сурет1- Қазақстанның иновациялық жүйесі

III топ – еліміздегі сауда әлуетінде басты орын алатын индустриалды Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Жамбыл, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған, Батыс Қазақстан, Алматы облыстары жатады.

IV топ – рационалды емес салалық құрылымды, экономикалық бейімсіз мүмкіншіліктері шектелген экстремалды техникo-технологиялық шарттарымен сипатталатын облыстар және дағдарыс аудандары жатады.

Жоғарғы ғылыми-өндірістік әлеуетті аймақтарға – Солтүстік және Орталық Қазақстан, орташа – Батыс және Шығыс Қазақстан және ең төмен - Оңтүстік Қазақстан аймақтары жатады. Сондықтан, Солтүстік және Орталық Қазақстан кәсіпорындарын иновациялық даму үлгісін өңдеу үшін полигон ретінде таңдау толық мүмкін. Бұл жерлерде индустриалды кешеннің басты салалары, қалыпты ғылыми-өндірістік әлеует, біліктілігі жоғары инженерлік-техникалық әлеует шоғырланған [4].

Кесте 1- Технологиялық иновациялар бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың иновациялық белсенділік деңгейі

	2005	2010	2015
Қазақстан Республикасы	3,4	4,3	8,1
Ақмола	1,5	0,7	6,8
Ақтөбе	4,6	6,1	7,0
Алматы	2,2	0,9	6,9
Атырау	1,0	3,7	8,0
Батыс-Қазақстан	2,2	4,6	4,1
Жамбыл	5,7	7,8	10,6
Қарағанды	4,5	7,0	9,2
Қостанай	1,4	2,6	14,5
Қызылорда	1,2	6,1	11,7
Маңғыстау	2,5	1,1	4,0
Оңтүстік-Қазақстан	2,3	3,4	6,9
Павлодар	2,8	5,1	4,8

Солтүстік-Қазақстан	1,9	2,4	10,6
Шығыс-Қазақстан	4,1	6,4	11,5
Астана қаласы	1,5	2,6	13,2
Алматы қаласы	5,5	5,4	4,7

Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы мен инновациялық әлеуетінің қазіргі жағдайына жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, төмендегі жағдайларды атап өтуге болады:

Біріншіден, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың көлемі елі де мардымсыз.

Екіншіден, өңірлердің ғылыми белсенділігі өте төмен. Оны көтеру үшін ғылыми мақсаттарға бағытталатын мемлекеттік қаражатты еліміздегі өңірлердің ғылыми-инновациялық мүмкіндіктерін ескере отырып бөлу.

Үшіншіден, ғылыми мақсатта пайдаланылатын негізгі капиталды толықтыруға немесе жаңартуға қажетті инвестициялардың көлемін көбейту қажет. Ол үшін ғылыми зерттеулермен айналысуды тартымды ету және ол үшін барлық жеңілдіктер мен ынталандыру тетіктерін енгізу.

Төртіншіден, Қазақстандағы даму институттарының ғылыми бағыттылығын арттыруды қолға алу. Ол үшін инновациялық және инвестициялық жобаларды қаржыландыру үрдісіне міндетті ғылыми негіздеулер енгізу.

Бесіншіден, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру. Мұны жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар жүйесін кеңейту және әкімшілік кедергілерді азайту.

Алтыншыдан, Қазақстан өңірлері индустриялық-инновациялық және ғылыми-технологиялық даму үшін қажет әртүрлі бастапқы шарттарға ие және ол шарттар біркелкі емес. Яғни, еліміздің барлық өңірлерінен бірдей индустриялық-инновациялық даму нәтижелерін күту орынсыз, сондай-ақ, ол өңірлерді түгелдей инновациялық бағытқа салу да дұрыс емес. Әйтсе де, ҚР Үкіметі елдің барлық облыстарына индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырумен байланысты, кей жағдайларда шынайылығы жоқ әрі қолға алуға тиімсіз жобаларды жүзеге асыруды міндеттеп отыр.

Жетіншіден, өңірлерде жүзеге асырылып жатқан жобаларды индустриялық және инновациялық деп бөліп, тиісінше оларға мемлекеттік қолдау көрсету (салықтық жеңілдіктер беру немесе салықтан босату, төмендетілген пайызбен несие беру, гранттар тағайындау және т.б.) тетіктерін анықтау.

Сегізіншіден, елімізде көрініс тапқан инновацияларды технологиялық және үрдістік деп бөліп, тиісінше өңірлерді де технологиялық инновацияларға икемді немесе үрдістік инновацияларға икемді деп бөлу.

Тоғызыншыдан, инновацияларды шикізатты өңдеу және дайын өнім шығару салаларында дамытуды шындап қолға алу. Бұның себебі – Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасын өркендетудің басым бағыттарының қатарында тамақ өнеркәсібі, металлургия сынды салалармен қатар құрылыс, туризм, көлік инфрақұрылымы сияқты салалар да бар.

Оныншыдан, отандық инновациялық инфрақұрылым элементтерінің өндірістік бағыттылығын арттыру. Оны дәстүрлі өндірісті қолға ала отырып, кейіннен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде бірте-бірте бұл өндірістік жүйені инновациялық тұрғыдан дамытуға болады.

Жүргізілген SWOT талдау нәтижесінде ұлттық инновациялық жүйені дамытудың мынадай факторлары анықталды:

Кесте 2- SWOT талдау нәтижесі

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Саяси тұрақтылы 2. Табиғи ресурстардың бар болуы 3. Орта және жоғары білім берудің қамту кеңдігі 4. Ел басшылығының ҰИЖ тиімділігін арттыру бойынша араларды саяси қолдауы 5. Мемлекеттік органдарда қатаң субординация мен тәртіпке негізделген биліктің мықты тетігі 6. Инновациялық және қаржылық инфрақұрылымның бар болуы 7. Инновациялық жобаларды венчурлік және жобалық қаржыландыру тәжірибесінің болуы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ғылым, технология және инновация саласында мемлекеттік саясатты іске асырудың жеткіліксіз дәйексіздігі 2. ҰИЖ-нің ұлттық, өңірлік салалық деңгейлерін үйлестіретін жүйесінің болмауы (өңірлік деңгейдегі жұмыста нақты қалыптасқан тәсілдердің болмауы) 3. Кәсіпорындардың төменгі бастапқы технологиялық және басқару деңгейі 4. Жоғары білікті кадрлардың тапшылығы 5. Инновацияны енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру мүмкіндіктері туралы әлсіз хабардар болу (әлсіз инновациялық мәдениет) 6. Шағын ішкі тұтынушы нарық 7. Ғылым мен өндірістің арасындағы қалыптасқан алшақтық 8. Өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілерге арналған сақтау құжаттарын алудың ұзақ мерзімдері 9. Өнертабыстарға арналған қазақстандық өтінімдердің 1% аз бөлігі әлемнің басқа елдерінде патенттеледі 10. Бизнес пен ғылыми қоғамдастық өкілдерімен өзара іс-әрекеттің тиімді тетігінің болмауы 11. Технологиялар трансферті саласындағы білікті персоналдың жетіспеушілігі
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнеркәсіп пен ғылым арасындағы өзара іс-әрекетті жақсарту есебінен ҰИЖ тиімділігінің өсуі 2. Технологиялар трансферті есебінен еңбек өнімділігінің анағұрлым артуы 3. Анық бәсекеге басымдықтар және ғылыми дайындамалар болуы есебінен перспективті жоғары технологиялық салалардың қатарындағы көшбасшылық 4. Ықпалдастыру үдерістері есебінен жоғары технологиялық тұтыну нарығының өсуі (Кеден Одағы, ДСҰ және т.б.). 5. Зияткерлік ресурстарды қайтару үшін жағдайлар жасау 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дамушы елдер арасындағы инновациялық даму саласында бәсекелестіктің нығаюы 2. Дамушы елдердің ғылыми-технологиялық және өндірістік деңгейде үлкен ауытқуы 3. Шикізатқа арналған бағаның жоғары өсуінен экономиканың шикізаттық бағытталуын бекіту 4. Экономиканың жоғары шоғырлануы 5. Мемлекеттік саясатта басымдықтарды ауыстыру 6. Жеткіліксіз қаржыландыру 7. Зияткерлік ресурстардың кетуі 8. Білім сапасының төмендеуі 9. Инженерлік-техникалық мамандықтардың салыстырмалы төмен танымалдығы 10. Шетелдік жоғары технологиялық компаниялар тарапынан ұлғаймалы бәсекелестік

Сонымен қорыта келе, Елбасы Жолдауындағы белгіленген инновацияларды белсенді түрде ендіруге көшу және экономиканың инновациялық типін қалыптастыру қазіргі

жағдайда болашақтың бағдары болмақ. Инновациялардың жаңа толқыны Қазақстанда үдемелі индустрияландыруды сәтті жүргізуге мүмкіндік береді, жаңа өнеркәсіп пен жаңа жұмыс орындарын ашады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // <http://www.akorda.kz>.

2. 2006-2015 жылдарға арналған Қазақстанның инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту бағдарламасы.- Астана, 2005ж.

3. Қазақстан Республикасының 2015-2019жж. арналған индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2014

4. Отчет о состоянии инновационных процессов в РК, в том числе в региональном разрезе.- Астана, 2016.

ӨОЖ 339.564(574.5)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ

А.Б.АЙДАРОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,

А.Б.ИЗЕНОВА, магистрант,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Оңтүстік Қазақстан облысының (ОҚО) бірегей бәсекелестік артықшылықтар әлеуетін құрайтын маңызды ресурстары бар. Табиғи пайдалы қазба қорлары барит, көмір, темір және полиметалл рудасы, уран, фосфор, бентонит балшығы, вермикулит, тальк, асбесті тас, гранит, мрамор, гипс және кварц құмдары кен орындарына бай. Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысындағы сыртқы сауда айналымының негізгі көрсеткіштеріне талдаулар жасалған. Оңтүстік Қазақстан облысының ТМД елдеріндегі негізгі экспорттайтын сауда-ел серіктестері көрсетілген, олар Өзбекістан және Ресей Федерациясы болып саналады.

Импорт бойынша ТМД елдеріндегі ОҚО негізгі сауда-елдері серіктестері болып тағы да Өзбекістан және Ресей табылады. ТМД-дан тыс елдерді алып қарайтын болсақ, ең көп тауарларды Еуропа елдеріне экспортталатыны көрсетілген. ОҚО негізгі тауарлар тобы бойынша экспорттың құрылымы келтірілген. Оңтүстік Қазақстан облысының Кеден одағына мүше – мемлекеттермен сыртқы сауда айналымы қарастырылған.

Кілт сөздер: экспорт, импорт, сыртқы сауда, экспорттық әлеует

Аннотация

В Южном Казахстане есть важные ресурсы, которые формируют конкурентоспособность области. Регион богат природными ископаемыми такими, как барит, уголь, железо и полиметаллические руды, уран, фосфор, бентонит, вермикулит, тальк, асбест, гранит, мрамор, гипс, и кварцевые пески. В статье проведены анализы внешнеторгового оборота Южно-Казахстанской области (ЮКО). Показаны основные торговые страны-партнеры ЮКО среди СНГ. По импорту среди стран СНГ для ЮКО странами-партнерами, также являются Узбекистан и Россия. Если не учитывать страны СНГ, то показаны самые крупные товары экспортируют в страны Европы. Показан состав экспорта групп основных товаров по ЮКО. Рассмотрена внешняя торговля ЮКО со странами Таможенного Союза.

Ключевые слова: экспорт, импорт, внешняя торговля, экспортный потенциал

Annotation

In South Kazakhstan there are important resources which form competitiveness of the region. Our region is rich with such natural resources as: barit, coal, iron and polymetals, uranium, phosphorus, bentonite, clay, talc, asbest, stone, granite, marble, gypsum and quartz. In the article an analyze of trade turnover of South Kazakhstan was given. There are the main trade countries-partners of SKR, they are: Uzbekistan, Russia.

Also there are countries on the export: Russia, Uzbekistan Also there are favourable conditions for development of trade policy with countries of Custom Union.

Key words: export, import, international trade, export potential

Қазіргі таңда, Қазақстандық экспортқа қатысты Украина, Ресей, Еуропалық Қоғамдастық, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерімен ендірілген саудалық шектеулер, химиялық өнімнің кейбір түрлеріне, металдар секілді бұйымдарға таратылады.

